

6D010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша  
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тулегенова Газиза  
**Адилбековнаның «Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы**  
**окушыларды патриоттық тәрбиелеу»** тақырыбында дайындалған диссертациясы  
 бойынша тағайындалған ресми рецензент  
 Жубандыкова Акгүл Мурзалиевнаның жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Білім берудің барлық деңгейнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, Педагогтің кәсіби стандарты, Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасына және ғылымиң даму бағыттарына сәйкес бекітілген.</p> <p>«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Елбасы Жолдауындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың негізі мектепте қалануы тиіс» - деп көрсетілген.</p> <p>Орта білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» идеясы балалар мен жастарды жоғары руханилық, азаматтық ұстаным, әлеуметтік жауапкершілік қазақстандық қоғам игілігі үшін еңбек ету дайындығын, жаңа қазақстандық патриотизм мен бірігу сезіміне тәрбиелеуге бағытталған.</p> <p>«Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру аясында қоғамдық-гуманитарлық циклды пәндердің (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, орыс әдебиеті, Қазақстан тарихы) оқу бағдарламаларының базалық мазмұнына Мемлекет басшысының 2014 жылғы 15 желтоқсанда сейлеген «Тәуелсіздік толғау» мәтіні енгізілді. Пәндерді оқыту окушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін және патриоттық сезімдерін, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде жүзеге асыруға деген ұмтылысын, азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыруға, ұлттық өзіндік сана мен төзімділікті дамытуға, зайырлы құндылықтарды нығайтуға және жастардың терроризм мен экстремизм идеологиясын саналы түрде қабылдамау, этносаралық және мәдениетаралық байланыс жағдайында қарым-катьнас жасау біліктілігін</p>

		сәйкес (бағытын көрсету)	<p>саласындағы зерттеулер», сонымен қатар Фылым комитеті 2020-2022 жылдарға арналған жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру жөніндегі Мәңгілік ел» ғылыми негіздері» (XXI ғасыр білім, гуманитарлық ғылымдар саласының іргелі және колданбалы зерттеулері)» басым бағыттарына (Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдерін Фылым комитеті төрағасының 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 57-нж бұйрығы) сәйкес орындалған.</p> <p>2019 жылдың желтоқсан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануы және соған сәйкес педагогика қатысты қызметтері, іс-әрекеттеріне байланысты өзгерістерінің болуы зерттеу жұмысының бастауыш сынып окушыларымен оқу-тәрбие үдерісін жүргізу барысында педагогтың қасіптік шеберлігін, зерттеушілік қызметін, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі міндетtelгендігін дәлелдеген.</p>
2.	Фылымға маңыздылығы	Жұмыс фылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	<p>Диссиденттүң диссертациялық жұмысы мазмұнынан ғылымға маңыздылығы және елеулі үлес қосқандығын бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы окушыларды патриоттыққа тәрбиелеудегі өзекті мәселелері қарастыруынан байқаймыз. Оның айғағы, «Бастауыш сынып окушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында дайындаған оқу-әдістемелік құралы тәжірибеге ендіріліп, ендіру актісі және авторлық қуәлік 13.01.2021, №14407 алынған.</p> <p>«Бастауыш сынып окушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында электронды оқу құралы дайындалып, 17.03.2021ж №15977 авторлық қуәлік алынған нәтижесі тәжірибеге ендірілген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Диссиденттүң жұмысты диссиденттүң өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасалынып, өзіндік интерпретация берілген. Диссиденттүң жұмысының өнімі ретінде авторлық оқу-әдістемелік құралын, электронды оқулық, «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультатив курсының бағдарламасын әзірлеген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізде	Диссиденттүң жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа

		<p>месі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p><i>сай негізделіп дайындалған.</i></p> <p>Диссертация өзектілігінің негізdemесі тақырыптың өзектілігі, мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңашылдығы, диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеу нысаны мен пәні ішкі бірлік принципіне негізделген.</p> <p>Алынған нәтижелерді бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеуде бастауыш сынып мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны <i>диссертация тақырыбын айқындаіды.</i> Диссертация кіріспеден, еki тараудан, тұжқырымдар мен корытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыпқа <i>сәйкес келеді.</i></p> <p><i>Зерттеудің мақсаты:</i> бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздерін анықтау, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру.</p> <p><i>Зерттеудің міндеттері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздерін айқындау;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесін даярлау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріп, ғылыми негізделген ұсыныстар беру.</li> </ul>
		4.4.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен

		<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>«Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері» деп аталағын бірінші тарауда бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселелерінің қазіргі жайы, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу психологиялық педагогикалық ерекшеліктері, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталған.</p> <p>«Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесі» атты екінші тарауында бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мазмұны және бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу әдістемесі жасалынған. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар берілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер)</p> <p>дәлелденіп,</p> <p>бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сынни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерге тоқталатын болсақ,</p> <p>бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері анықталып, ғалымдардың ой-пікірлеріне өзіндік интерпретация бере білген.</p> <p>Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылған.</p> <p>Зерттеу тақырыбы бойынша «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында оқу-әдістемелік қурал және электронды оқу құралдарында бастауыш сынып оқушыларына <i>сыни тұрғыдан ойлауга бағытталған тапсырмалар берілген.</i></p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелермен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.

	<p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдіснамалық тұғырлары басшылыққа алынған;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесі даярланып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріліп, ұсыныстар берілген;</li> <li>- зерттеу тақырыбы бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған оку-әдістемелік құрал және электронды оку құралы әзірленген. Дайындалған авторлық еңбектерге авторлық күәлік алуының өзі жұмыстың жаңашылдығын білдіреді.</li> </ul>
	<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның корытындылары жаңа болып табылады. Оны келесі ретте айтуға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы *оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу ғылыми теориялық маңыздылығы айқындалған;</li> <li>- Зерттеу жұмысы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге талдау жасалынып, «патриоттық тәрбие», «патриоттыққа тәрбиелеу», «Отансүйгіштік құндылық» ұғымдары нақтыланған;</li> <li>- Бастауыш мектептің оқу мазмұнын анықтайтын гуманитарлық пәндер бойынша бағдарламалар мен оқулықтарға талдау жасау арқылы патриоттық қа тәрбиелеу мүмкіндіктері айқындалып, тиімділери таңдалып, жүйеленді және бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу әсер ететін шағын мәтіндер топтамасы жасалды;</li> <li>- Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультатив курсының бағдарламасы дайындалып, оған «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде</li> </ul>

			<p>отансүйгіштікке тәрбиелу» атты электронды оку құралы әзірленген;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сыныптан тыс тәрбие шараларында басшылыққа алуға болатын «Отбасы құндылықтары» атты тәрбие бағдарламасы жасалынган.</li> </ul>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында қашықтықтан оқыту үдерісінде отандық білім беру платформаларын пайдалану арқылы баставыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерден түрлі тапсырмалар құрастырылып, Quizizz платформасын пайдаланып «Кім тапқыр» ойыны, онлайн танымжорықтар үйімдастырған.</p>
6.	Негізгі қорытындыла рдың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/ негізделмеген (qualitative research және өнер тану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу жұмысының барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Өйткені, зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 14 ғылыми еңбекте жарық көрген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 4 мақала ҚР БжФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда;</li> <li>- 1 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымда;</li> <li>- 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда: шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 3 мақала;</li> </ul> <p>2-респубикалық ғылыми-практикалық конференцияларда;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 1 оку-әдістемелік құрал;</li> <li>- 1 электронды оқу құралы жарық көрген.</li> </ul> <p>-2 авторлық құқықпен қоргалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлікке ие.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	<p>Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>7.1. қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттер дәлелденген.</p> <p>7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p>

		<p>2) шамамен дәлелденді;      3) шамамен дәлелденбеді;      4) дәлелденбеді      7.2 Тривиалды ма?      1) ия;      2) жоқ      7.3 Жаңа ма?      1) ия;      2) жоқ      7.4 Қолдану деңгейі:      1) тар;      2) орташа;      3) кең      7.5 Мақалада дәлелденген бе?      1) ия;      2) жоқ</p>	<p>7.4. Коргауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейін кең.      7.5. Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары КР БЖФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus базасына енген шетелдік басылымда (Materials of the V International Scientific-Practical Conference «Quality Management: Search and Solutions» November 27-29, 2019 San Francisco (CA, USA) Volume II San Francisco, 2019, 119б), халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда, оку құралдарында жарияланған мақалалармен дәлелдеген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған      1) ия;      2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында қолданған дереккөздерге: мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға, тұжырымдамалары, оқулықтар мен оку әдістемелік күралдар, электрондық оку құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері мен автордың педагогикалық, ғылыми істәжірибелеріне негізделген нақты әдістеме ұсынылған.      Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндірілуі, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сыйбалар, диаграмма, тапсырмалар құрастырылған; Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар математикалық-статистикалық әдістермен өндөлген.</p>	
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық қорытындылары, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы</p>

		<p>анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>окушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің күрылымдық-мазмұндық моделі, бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы окушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесі эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және растилған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге <i>сілтемелер жасалынып расталған</i>.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткілік сіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <i>әдеби шолуға жеткілікті</i> қарастырылған.</p> <p>Зерттеу тақарыбы бойынша шетел, алыс жақын және отандық ғалымдардың енбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі -197</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның практикалық құндылық принципіне келетін болсақ, <i>теориялық тұрғыда маңызды</i>. Оның дәлелі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы окушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық негіздері айқындалған;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы окушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталған;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы окушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы окушыларды патриоттыққа тәрбиелеудің әдістемесі даярланды және оның тиімділігі тәжірибелік-</li> </ul>

			эксперименттік жұмыстар барысында тексерілді, ғылыми негізделген ұсыныстар берілген.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ		<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында И.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңесі ұсынған. (26.11.2020., хаттама №4) ISBN 978-601-216-705-4 оқу-әдістемелік құралы дайындалып, тәжірибеге ендіріліп, ендіру актісі және авторлық құқықпен корғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу тұралы авторлық куәлікке ие. 13.01.2021, №14407;</li> <li>- «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында электронды оқу құралы дайындалып, авторлық құқықпен корғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік. 17.03.2021, №15977 жасалып нәтижесі тәжірибеде дәлелденген;</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушылардың патриоттыққа тәрбиелеуде, қазіргі қашықтықтан оқыту кезеңінде Quizizz платформасын пайдаланып «Кім тапқыр» байқауы ұйымдастырылған.</li> <li>- бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушылардың патриоттыққа тәрбиелеу әдістемесінің тиімділігі педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексеріліп, ұсыныстар берілген.</li> </ul>
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)		<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушылардың патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында дайындалған «Отансүйгіштік құндылық бастаулары» атты факультатив курсының бағдарламасы мен «Бастауыш сынып оқушыларын халық фольклоры негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу» атты электронды оқу құралын тәрбие үдерісінде негізге алған жөн;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Отбасы құндылықтары» тәрбие бағдарламасының сыныптан тыс тәрбиелік іс-</li> </ul>

			шараларда пайдалану қажет; - ұсынылып отырған әдістемені оқу-тәрбие үдерісінде бастауыш сынып окушыларының патриоттыққа тәрбиелеу барысында пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеу жұмысының академиялық жазу және рәсімделу сапасы жоғары, талаптарға сәйкес орындалған.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмысты оқып, талдай отырып жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі ұсыныстар мен кемшіліктер айтуға болады:

1. Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерден жасалынған тапсырмалар кешені Блум таксономиясына бағыттап жасалынса, зерттеу жұмысының құндылығы одан әрі артар еді.

2. Зерттеу жұмысында стилистикалық қателер кездеседі.

**Дегенмен, айтылған кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.**

Тулегенова Газиза Адилбековнаның «Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған.

Қорыта айтқанда, Тулегенова Газиза Адилбековна 6D010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент, п.ғ.к,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық  
университетінің профессор м.а.

А.М.Жубандыкова

